

Астана қаласы әкімдігінің  
«Жастар театры» МКҚК

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын  
сақтау мәселелері бойынша ұйым қызметкерлері үшін тоқсан сайынғы  
түсіндіру және оқыту іс-шараларын откізу  
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

№ 3

2024 ж. «03» 09

Өтетін орны: Астана қаласы, Есепберлин к-си 10, 3 қабат, 327

Өтетін уақыты: 10 сағат 00 минут

Төрағалық етті: *директор, комплаенс -офицер*

Қатысқандар: *тізім бойынша*

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің «Жастар театры» МКҚК-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы;
2. Әр түрлі.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:** Г.А. Каримов – директор қызметкерлер арасында өз кезегінде қызметкерлердің құзыреті шегінде қогамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және ныгайту бойынша өз қызметін жүзеге асыруын білдіретін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы заңнама талаптарының орындалуы туралы түсіндірме әнгіме жүргізді.

Комплаенс-офицер - С.А. Елубаева сөз сөйлемінде, ол да түсіндіру жұмысы аясында Астана қаласы әкімдігінің «Жастар театры» МКҚК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың негізгі бағыттарын айттып өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі негізгі бағыттардың бірі сыбайлас жемқорлық сипатындағы ықтимал іс-қимылдардың алдын алуға, сыбайлас жемқорлықтан бас тарту ахуалын қалыптастыруға бағытталған театрдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты болып табылады.

Саясат мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай саясат жүргізу,

- кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінде кез келген сыйбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік түсінігін қалыптастыру,

- сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-кимылға, сыйбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдарын азайтуға және жоюға багытталған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу және енгізу,

- кәсіпорын қызметкерлерін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ кәсіпорынның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сактауга тәрбиелеу,

- кәсіпорынның ішкі құжаттарында сыйбайлас жемқорлық факторларының болуына жол бермеу,

- жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде ашықтықты, адаптациялестікті және объективтілікті қамтамасыз ету.

ҚР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саясатының талаптарын сактау мақсатында қызметкерлер ұйым қабыргасында лауазымдық міндеттерін орындау кезінде өзіне қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің қатаң сактау қажеттілігі туралы кезекті рет ескертілді.

Негізгі шектеулердің бірі мүліктік және мүліктік емес иғліктер мен артықшылықтарды алу немесе табу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын ақпаратты пайдалану, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдық өкілеттіктерін орындауга байланысты сыйлықтарды қабылдау болып табылады

Сыйбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермесу, кәсіпорын қызметі салаларындағы сыйбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру мақсатында театрдың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына сәйкес кәсіпорын қызметкерлерінің мінез-құлық ережелері қаралды, мәселен:

- жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына және қоргалуына кепілдік беру, олардың отініштерін заңда белгіленген мерзімде қарастыру және қажетті шаралар қабылдау;

• - лауазымдық міндеттерді орындау барысында өз міндеттерін орындауга байланысты материалдық иғліктерді, көрсетілетін қызметтерді немесе артықшылықтарды қабылдамау;

- мүдделер қактығысын болдырмау, ал олар туындаған жағдайда ҚР заңнамасына сәйкес оларды жою үшін шаралар қабылдау;

- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету;

- жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде жеке және заңды тұлғаларға ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдаланбау;

- өз қызметінде Кәсіпорынның беделін нығайтуға және оның жұмысына нұқсан келтіруі мүмкін әрекеттерден аулақ болуға тырысу.

• Ұжым арасында сыйбайлар жемқорлыққа карсы мәдениетті қалыптастыру қажеттілігі және ұжымның сыйбайлар жемқорлыққа нөлдік төзімділігі туралы ақпарат атап өтілді.

Жүргізіліп жатқан жұмыс аясында қызметкерлерге кәсіпорын мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатындықтан кәсіпкерлік қызметпен айналысуга тыйым салынатыны туралы түсіндірілді, яғни, заңнаманың барлық талаптары квазимемлекеттік сектордың лауазымды тұлғаларына да қолданылады.

«Сыйбайлар жемқорлыққа карсы іс – қимыл туралы» Заңның (бұдан әрі-Заң) 1-бабының 4) тармақшасына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқару функцияларын орындайтын адам мемлекеттік функцияларды орындауга уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға жатады.

#### **Жиналыс қорытындысы бойынша (шешім қабылдауды):**


1. Сыйбайлар жемқорлыққа карсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманың талаптарын адаптация;
2. Ұжым арасында сыйбайлар жемқорлыққа карсы мәдениетті қалыптастыруға белсенді катысу;
3. Сыйбайлар жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділікті қамтамасыз ету;
4. Сыйбайлар жемқорлық сипатының кез келген көріністері немесе ұжым арасындағы мұдделер қактығысы туралы дерек дереу хабарлау.

•  
Торагалық етуші,  
Директор

  
колы

Г.А. Каримов  
(Г.А.Ә.)

Комплаенс-офицер,  
Жиналыс хатшысы

  
колы

С.А. Елубаева  
(С.А.Ә.)

## Қатысушылар тізімі:

## ЖИНАЛЫС ФОТОСЫ

